

## **"Фосфохим" және "Петропавл шағын литражды двигательдер заводы" акционерлік қоғамдарын тарату мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қазан N 1309

"Фосфохим" және "Петропавл шағын литражды двигательдер заводы" акционерлік қоғамдарының өндірісі мен өнім шығаруы экономикалық жағынан мақсатқа сай келмейтіндігін және олардың көп мөлшерде кредиттік берешектерін ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінен "Фосфохим" және "Петропавл шағын литражды двигательдер заводы" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету, пайдалану және басқару құқығын қайтарып алсын;

"Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің Заң күші бар Жарлығының 65-бабына сәйкес аталған акционерлік қоғамдарды жалпы жиналыстарда тарату туралы мәселелерді шешсін.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 1145 қаулысының 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары